"Мұғалім -мектептің жүрегі" деп Ыбырай атамыз айтпақшы осы ұлы да қасиетті жолда өзінің сара жолын бастаған жас мамандардың бірі Кабдошова Айнур Амангельдиновна біздің мектептің сүйікті мұғалімдерінің біріне айналып үлгерді. Ұстаздық жолы - ұлы жол, осы жолда енді қаз-қаз басып қадам аттаған жас ұстаз барлық жағынан өзін шыңдауға белсене кірісіп кетті. Жыл сайын өтетін түрлі әдеби шығармашылық байқауларға оқушыларын жан-жақты дайындап, жүлделі орындарға ие болуына септігін тигізіп жүр. Мәселен, 3-11 сынып оқушылары арасында ІІ облыстық Бүркіт оқулары байқауының аудандық кезеңінде 5 сынып оқушысы Далаева Нэлли жүлделі ІІІ орын
7-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылатын қазақ тілді және қазақ тілді емес "Жарқын болашақ" республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде 7 сынып оқушысы Штро Артемде жүлделі ІІІ орынға ие болды. "Отбасылық оқу кітапханасы" жобасы шеңберінде ұйымдастырылған "Поэзия во все времена" байқауында оқушысы Далаева Нэлли үздік І орынды иеленді.
Тек оқушылары ғана емес өзін дамыту, шыңдау мақсатында да аз жұмыстар жасап жүрген жоқ. Ашық сабақтар, мектеп ішіндегі түрлі іс-шаралардан басқа да аудандық сайыстарға белсене ат салысты. Солардың бірі де бірегейі "Жыл мұғалімі" облыстық байқауының аудандық кезеңіне қатысып, сертификатқа ие болды. Мұғалім - ол, ұлтымыздың ар-ожданы, болашағының ұйытқысы. Мұғалім, қазақ мұғалімі - Ыбырай ұстаздың жолын жалғап, ұлағатын ұлықтаушы!

